

**ЖШС «NURSULTAN 7777»**  
**бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған**  
**жиналысының №3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 02.12.2025 жыл

Қатысқан: 24 педагог

**Күн тәртібінде:**

1. Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау
2. Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау
3. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы.

Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай-балабақша әдіскері А.Е.Әбдрахманова мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықпен таныстырды. Педагог сабақ пен педагогикалық қызметтің басқа түрлерін өткізгенде мыналарды білуі және орындауы тиіс. Балабақшада болған кезде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты (балабақша үй-жайындағы сабақ өткізгенде, ойын, еңбек, ойын-сауық және басқа педагогикалық қызмет барысында); мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларын ұстаудың санитариялық нормалары мен қағидаларын; өрт қауіпсіздігі қағидаларын (өрт шыққан жағдайда балаларды шығару жоспарын, алғашқы өрт сөндіру құралдары орналасқан жерді білуі; өрт сөндіргішті қолдана білуі, топта өрт шыққан жағдайда және төтенше жағдайда балалар мен ересектерді қорғау үшін тізімдер мен жеке қорғаныс құралдары болуы тиіс); зардап шегушіге алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша нұсқаулықты.

Екінші сұрақ бойынша әдіскер А.Е.Әбдрахманова мен дене шынықтыру нұсқаушы Кошбаева З.А. қимылды ойындар мен серуен түрлерін өткізу, ұйымдастыру және талдау туралы түсініктеме жұмыстар жүргізді.

Үшінші сұрақ бойынша тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы туралы түсініктеме жұмыстар жүргізілді: мектепке дейінгі мекемелердің оқу қызметтерінде интеграция әрекетінде балалардың қоршаған әлемді жүйелі білуі және адамның сол әлемдегі орны мен ең маңыздысы адамгершілігін, сапасын тәрбиелеу, оның руханилығын аша білу. Тұтастық жүйеге байланыстырады. Үйлесімділік интеграциямен ғана байланысты емес, ол тұтастықпен де байланысты. Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру және жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпақтың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша тигізер әсерінің маңызы зор.

**Шешімдер:**

1. Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау туралы нұсқаулық қатан сақтау.
2. Қимылды ойындар мен серуен түрлерін жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.
3. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын (әділдік, еңбекқорлық, бірлік, отансүйгіштік) оқу-тәрбие процесінде міндетті түрде пайдаланылсын.

Төрайымы:

А.Е.Әбдрахманова